Өткізілген апталықтың ұйымдастырылуына және әр сайыстың өту барысына үлкен үлес қосқан қазақ және орыс филологиясы кафедрасының ұжымына алғысымызды білдіреміз.

Қасиетті халқымыздың құдыреті болып табылатын тіліміз өсе берсін, өркендей берсін!

А. Сәрсембай,
ҚТӘ-4-10 тобының студенті

# Мемлекеттік тіл - ортақ қазына

**2013 жылғы қыркүйектің 17 жұлдызында ЕАГИ-де ордамызда Қазақстан халқы тілдерінің XV қалалық білім фестивалі аясында «Мемлекеттік тіл-ортақ қазына» атты іс-шара өтті.**

Бұл сайысқа өзге ұлт өкілдері белсене атсалысты. Сайыс төрт кезеңнен тұрды. 1-кезең «Таныстыру», 2-кезең «Қазақтың салт-дәстүрін білесің бе?», 3-кезең «Тілге шешен, сөзге көсем», 4-кезең «Өнерлі өрге жүзер». Бұл сайыста белсенділік танытқан: корей қызы Галина Ким, орыс қыздары Анастасия Вензельева, Роксана Коцаба, әзірбайжан қызы Севли Караева. Осы сайыскерлеріміз қазақ тілін білуімен дүйім жұрттың өздеріне назарын аудара білді. Сайыс соңында қатысушылардан қазақ тілі жайында сұхбаттасып, тартымды жауап алдық.

**- Севли, сіз басқа сайыскерлерге қарағанда қазақ тілінде мүдірмей, шешен сөйледіңіз. Қазақ тілін қалай үйрендіңіз?**

- Мен С. Сейфуллин атындағы № 77 жалпы орта мектебінде қазақ тілінде білім алдым. Достарымның басым көпшілігі қазақша сөйлейтін, солардың әсерінен болар қазақ тілінде таза сөйлейтінім. Бос уақытымда әдеби кітаптарды көп оқып, өз-өзімді әрқашан дамытып отырамын. Менің ойымша, Қазақстанда тұратын әр азамат қазақ тілін білуі тиіс.

**- Роксана, бүгінгі өткен сайыс сіз үшін несімен ерекшеленді?**

- Мен үшін бүгінгі сайыс ерекше өтті. Әсіресе, өзіммен бірге қатысқан сайыскерлер қазақша емін-еркін сөйлеп, өз ойын нық жеткізе білді. Сайыстың әр кезеңдері, берілген тапсырмалары, қазақтың салт-дәстүрі, мәдениеті, тілі жайлы біраз ақпарат алдым. Қатысқан сайыскерлер мен ұйымдастырушыларға үлкен алғысымды білдіремін.

**- Анастасия, сіз қалай ойлайсыз, егер қазақ тіліне байланысты осындай сайыстарды өзге ұлт өкілдерінің арасында жиі өткізіп тұрса, қазақ тілінің мәртебесінің өсуіне қаншалықты ықпал тигізер еді?**

- Иә, әрине, қазіргі кезде қазақ тілін үйренушілердің саны жылдан-жылға артып келеді. Демек, осындай мерекелердің санын көбейтуіміз керек. Осы сайыстың арқасында қазақтың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, жаңылтпаш-жұмбақтарымен, өнерімен таныс бола түсесін. Әр уақытта адам үшін жаңа ақпарат алу қызық емес пе? Бірақ, қалауың болса, қазақ тілін өз бетінше де үйренуге болады. Орыста бір керемет сөз бар «если есть желание найдется тысяча возможностей, если нет желания найдется тысяча причин». Қазақстан – біздің отанымыз. Әр ұлт өкілі қазақтың тілін, мәдениетін, дәстүрін білсе, нұр үстіне нұр болар еді. Мен үшін бүгінгі сайыс тартымды өтті. Себебі, өзге ұлт өкілдерімен таныстық, бір-бірімізбен ақпарат алмастық. Осындай іс-шаралар адамдардың бірін-бірі тануға, бірегей тату болуына тәрбиелейді деген ойдамын.

**- Галина, сіз «Өнерлі өрге жүзер» аталымында қазақтың ұлттық биін билеп, дүйім жұрттың назарын аудардыңыз. Қазақтың өнеріне деген қызығушылығыңыз бар-ау, шамасы.**

- Әрине, қызығушылығым бар. Мен жастайымнан биге қатыстым. Қазақша мың бұралып билегенді жаным сүйеді. Кейінгі кезде қазақтың қара домбырасын үйренсем деген ойым бар.

Тартымды жауаптарыңыз үшін көп рақмет. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарыңыз арта берсін, «Тілге құрмет – елге құрмет» демекші, қазақ тілін білу – Қазақстан халқының басты міндеті.

- Қазақ елінің бүгінгі таңда іргелі, мәдениетті, өркениетті елдер қатарына қосылуы оңайлықпен келген жоқ. Көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқы ертеден-ақ үш нәрсені бойтұмардай қасиет тұтып қадірлеп өткен. Соның бірі – ана тілі. Бабамыздан мұра болып қалған тіліміздің мәртебесін көтеріп, жастар арасында кең насихатталуы қуантарлық жайт. Өткізген сайысымыздың да мақсаты осы еді. «Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, келер күннің де тағдыры», - деп Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, өзге ұлт өкілдері қатысып, қазақ тілінде емін-еркін сөйлей алуы, ойын анық жеткізуі жақсылықтың нышаны іспеттес.

А. Барлыбай,
ҚТӘ-4-10 тобының
студенті

## Студенттер мүшәйрасы

**Қыркүйектің 20 жұлдызында «Қазақ тілім – өз тілім, ана тілім – Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім» атты жыр мүшәйрасы өтті.**

Мүшәйраның жалпы өткізілу мақсаты – жастардың шығармашылық қабілетін жетілдіру, ана тіліне деген сүйіспеншілікті арттыру, еліне деген патриоттық сезімді ояту болатын. Жалпы шараға қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының I, II, III, IV курс студенттері арасынан 17 қатысушы қатысып, өз өлеңдерін оқыды. Ақынжанды іні-қарындастарымызға мүшәйраның талабына сай бір шығармасын міндетті түрде өз тілімізге арнаса, екіншісі еркін тақырыпта берілді.

Мүшәйра барысында көрермендер студенттердің дайындаған шағын концерттік қойылымдарын, тамылжыған қазақтың әсем әндерін және де қоңыр дауысты күмбірлеген қара домбыраның күйін де тамашалады.

Институтымызда осындай тіліміздің мәртебесін көтеретін, дәріптейтін іс-шараларымыз көбейе берсін, дами берсін дейміз.

М. Жақсыбекова,
ҚТӘ-2-13 тобының студенттері

# НАЙТИ СЕБЯ В ИЗМЕНЧИВОМ МИРЕ

## Международный конгресс «Психология XXI столетия. Новые возможности»

***С 13 по 15 сентября в г. Новосибирске проходил международный конгресс психологов. Целью конгресса явился обмен научными достижениями в области психологии, а также передача современных знаний практическим психологам; ознакомление широкого круга людей с фундаментальными и практическими знаниями в области психологии, саморазвития, восстановления здоровья и творческого потенциала.***

Коллегами из разных стран обсуждались такие фундаментальные проблемы психологии как категории методологии и парадигмы в психологии: истоки, история, современное состояние; практико-ориентированные направления психологии; проблема парадигмальной эклектичности в исследованиях; основы интеграции базовых парадигм психологии на уровне теории и методов интеграции.

Докладчиками и ведущими выступили: В.В. Козлов – д.пс.н., профессор, академик МАПН, РАСО, БПА (г. Ярославль); В.Ф. Петренко - д.пс.н., профессор, заведующий кафедрой психологии МГУ, член-корреспондент РАН, академик МАПН (г. Москва); Кристина Мартинсоне - д.пс.н., эксперт психологии Латвийского Научного Совета, ассоциированный профессор Рижского Университета им. Страдыня (г. Рига); Н.С. Шадрин - д.пс.н., профессор кафедры психологии и педагогики ПГУ им. С. Торайгырова (г. Павлодар); В.А. Янчук - д.пс.н., профессор, академик МАПН (г. Минск); М.Я. Пальчик - д.ф.-м.н., д.пс.н., автор квантовой модели эволюции личности (г. Новосибирск); В. Баскаков, президент АТОТ (г.Москва); М. Бурняшев - к.пс.н., лидер направления системной психотерапии семьи (г. Москва) и др. В работе конгресса принял участие также известный психолог, создатель уникальной методики бесконфликтной и успешной жизни, президент центра позитивной психологии «Разумный путь», автор 12 бестселлеров, выходящих рекордными тиражами в России и за рубежом, А.Г. Свияш.

На конгрессе выступили и провели мастер-классы лидеры различных направлений и уровней психологии и психотерапии, ведущие тренингов личностного роста, представители трансперсональной, гуманистической, глубинной, поведенческой терапии, психосинтеза, гештальт-терапии, телесно-ориентированной, танцевально-двигательной терапии, психологического консультирования и других направлений прикладной психологии.

Уникальный формат конгресса раскрывает возможности не только теоретического осмысления современного состояния и перспектив развития психологии и психотерапии, но и знакомства с огромной палитрой методов и техник, помогающих человеку достичь осознания глубин своей личности, исследовать истоки и пути развития её качеств, добиться внутренней гармонии совершенства, раздвинуть социальные горизонты жизни и заново найти себя в постоянно изменяющемся мире.

В Новосибирск с лекциями прибыл шаман Дон Рохелио Корильо из Мексики. Он рассказал о значении шаманизма в культурной традиции индейцев Уичоли. Еще один его коллега прибыл из Тывы. Николай Ооржак беседовал с участниками конгресса о раскрытии естественного звука. Стоит сказать, что он активно гастролирует и делится шаманскими практиками не только в России, но и за ее пределами.

На крупнейшем конгрессе психологов лекции шаманов соседствовали с научными докладами. По словам известного психолога, Александра Свияша, шаманские практики популярны сейчас не меньше, чем накладывание рук десять лет назад: «Лет десять назад были популярны рейки - накладывание рук». (Рейки - система естественного исцеления с помощью передачи энергии через руки - прим. Т.А.).

По мнению А. Свияша, шаманизм – это тот же психоанализ, поскольку он тоже направлен на исследование бессознательного. То, что шаманы называют духами, психологи именуют другими терминами, но, по сути, это одно и то же - часть человеческой психики, которую трудно выявить. Существует много процедур выведения человека из рационального и введения его в трансовое состояние, когда он не контролирует свое состояние. Таким образом проявляются те убеждения и те установки, которые когда-то в нем кто-то заложил.

Несмотря на околонаучные знания шаманов к их опыту то и дело апеллировали деятели науки. К примеру, д.м.н., профессор, врач-психотерапевт, психофизиолог высшей категории, специализирующийся на работе с космонавтами, Юрий Бубеев. В частности, он занимается исследованием так называемых «пиковых переживаний», возникающих при восприятии людьми Земли из космоса, и является одним из ключевых участников проекта по моделированию пилотируемого полёта на Марс «Марс-500».

«Психология давно перестала быть просто психологией. На сегодняшний день это бескрайний океан знаний с таинственными глубинами, скрывающими ключевые секреты от нашего сознания». Этот конгресс помог увидеть границы этого океана, известные человеку на сегодняшний день. Он показал, в каких направлениях нужно плыть. И принять участие в нем, получить ценные, важные знания посчастливилось не каждому.

Итак, в конгрессе приняли участие более 250 мастеров, деятелей науки, практиков. Наиболее значимо, что впервые своими знаниями и опытом обменялись представители научной общественности и известные практики, так как раньше эти потоки информации развивались порознь, что интригует еще больше участников различных направлений осознания истины человеческого существования (бытия).

Т.А. Абдрашитова,
к.пс.н., доцент кафедры
педагогики, тренер,
психолог-консультант

# Ақжайықтағы айтыс

Жанымызға жылу сыйлаған жаз мезгілі таудай толқындарын жағаға ұрған Жайық өзеніндей жылдам ағып өте шықты. Дегенмен осы жаймашуақ жаз мезгіліндегі өткізген жарқын сәттеріміз жадымызда әлі де жаңғырып тұр.

Өз басым, биылғы жазда өшпес өнегесі мен ұмытылмас әсерге толы көптеген мерейлі мерекелердің куәсі болдым.

Шалқыған шаттық сыйлаған шаралардың ең ерекшесі – менің Батыс Қазақстан облысына сапарым. Бұл сапарға басты себепші болған оқиға – Алаштың асыл ұлы, жас ғұмыры ерте үзілгенімен, ел есінде табиғи талантымен қала білген таңдаулы термеші, айтулы айтыскер ақын Асылбек Ишановты еске алу құрметіне арналған айтыс. Айтыстың негізгі ұйымдастырушысы – белгілі айтыскер ақын Бауыржан Халиолла, Батыс Қазақстан облысының әкімшілігі және «Жайық жұлдызы» қоғамдық қоры. Әйтсе де, «Жайықтың жарық жұлдызы» деп аталған еске алу кешіне, үлкен-кіші демей, облыстың барлығы атсалысқаны көрініп-ақ тұр. Табанымыз жерге тиер-тиместен «Қош келдің!» деп қарсы алған аққөңіл Орал халқы кетер-кеткенше мейманына деген мейірімі, сыйқұрметі мен қонақжайлығын молынан танытты.

Айтыс өз бастауын арда Асылбек Ишановтың кіндік қаны сіңген туған топырағы Жаңақала ауданынан тапты. Өлең-жырға әбден шөліркеп, төл өнерін аңсап, асығып келген көпшілік қауымның санында шек болған жоқ. Ақындардың айтқыштығына, арынына таңқалысқан ардақты әлеумет мұндай игі шараны ұйымдастырған Жаңақала ауданының әкімі Хайретдин Лавр Рашидұлы мен оның қол астындағы қызметкерлерге өз алғысын жаудырып жатты.

Бұл ізгі бастама өз жалғасын Орал қаласындағы «Нұр Отан» ғимаратында өткен республикалық аламан айтысқа ұласты. Айтулы додаға, дүбірлі бәйгеге еліміздің түкпір-түкпірінен атағы жер жарған, аузымен құс тістеген жүйрік, азуы алты қарыс айбынды айтыскер ақындар жиналды. Сәруар өнерін сағынып келген тыңдарман белді Бекарыс Шойбековтың бекем ойы мен тапқыр жауаптарына, жай отындай Жандарбек Бұлғақовтың жалынды жырына, әйгілі Ахметжан Өзбековтың ақыл-парасатына, Оразбек Қиынбаевтың орамды ойларына және облыстың намысын қорғаған Мұрадым Мирланов, Жансая Мусина, Талғат Мықи және арғымақ ақын Асылбек Ишановтың орнын жоқтатпас аулдасы Орынбек Меңдіқұловтай арлан ақындардың, алдына қара салмас тұлпарлардың шабысына тәнті болды.

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» дегендей, Асылбектей асыл ағамызды еске алуға арналған бұл айтыстың ұйымдастырылуы да ерекше болғанын атап өткен жөн. Бұл айтыста жүлде тігілген жоқ. Яғни, Асылбектің дарынын сыйлаған барша әріптестерді жүлде үшін жұлқысуға емес, ел деп өткен есіл ерді емірене еске алуға келгендіктен, тұнық ой, тұщымды сөз арқылы жұрт көңілінен шыға білді. Қаланың ең үлкен, кең сарайдай концерт залына сыймай, лық толы болған тыңдарманның құлақ құрышы қанып, рухани жан дүниесі байып қайтты.

Ақжайықтың ақжарқын жұртына, Оралдың ордалы еліне орала бергіміз келеді-ақ!

С. Әуезхан,
жас айтыскер,
ҚТӘ-2-13 тобының студенті

# Международный день переводчика

**_Международный день переводчика, профессиональный праздник устных и письменных переводчиков, отмечается 30 сентября – в день смерти Святого Иеронима в 420 году, который осуществил перевод Библии на латинский язык и традиционно считается покровителем переводчиков._**

Кафедра иностранных языков не изменяет своим традициям и ежегодно празднует это событие. Студенты специальностей «Переводческое дело» и «Иностранные языки: два иностранных языка» приняли активное участие в концерте, организованном группой ПД-4-14. Студенты групп ПДК-1-11, ПДС-1-5, ПДК-2-10, ПД-2-16, ПД-3-15, ИЯ-2-9, ИЯ-2-10, ИЯС-2-3, ПДС-3-4, ПДК-3-9, ПД-4-14 подготовили творческие номера на казахском, русском, английском, французском и немецком языках, выпустили информативные и красочные стенгазеты, в которых отразили историю праздника и рассказали о профессии переводчика. Самым ответственным заданием был перевод отрывка из художественного произведения О. Уайлда «Портрет Дориана Грэя». Лучшей в этой номинации стала студентка группы ПД-3-15 Перизат Исахова.

Слова благодарности за проведенное мероприятие и поздравления были высказаны проректором по воспитательной работе Я.Н. Оспановой и деканом А.Ж. Аманбаевым.

Логическим завершением концерта стало торжественное вручение грамот за активное участие и дипломов за призовые места.

Последователи Иеронима, современные переводчики, задействованы во всех сферах жизни человека. Без них не обходится ни одно международное мероприятие. Международный день переводчика – это повод для единения переводчиков, живущих в разных странах и работающих в разных жанрах перевода. В словах назидания великого Абая есть такое высказывание: «Хочешь быть богатым - учись ремеслу. Богатство со временем иссякает, а умение - нет». Профессия переводчика – это великое умение, приобретенное большим трудом. Профессия переводчика – была и остается востребованной!

Г.У. Аренова,
доцент кафедры иностранных языков

# «ПАРИЖ» - В ФИНАЛЕ!

**_9-10 октября 2013 года в г. Астане во дворце «Жастар» прошли полуфинальные игры межрегиональной лиги КВН среди студенческих команд вузов Республики Казахстан. По итогам двух дней игры команда ЕАГИ «Париж», заняв второе место среди восьми команд-участниц, прошла в финал._**

Болельщикам ЕАГИ выступление нашей команды запомнилось интересной игрой, забавными и остроумными шутками и сценическими номерами. Все преподаватели и студенты института искренне рады успеху наших ребят!

Мы, студенты ЕАГИ, хотим, чтобы ваш искрометный юмор, острота ума и актерское мастерство одержали верх в финальной игре. Пусть нашей команде и нашему институту всегда сопутствует удача! Вперед, «Париж»!!!

Комитет по делам молодежи






## Мы, как одна семья.....

10 октября 2013 года стал для меня одним из самых счастливых дней! На играх межрегиональной лиги КВН наш фан-клуб ЕАГИ, который существует уже два года, сумел меня удивить! Я так давно мечтала о том, чтобы у команды КВН «ПАРИЖ» были именно такие поклонники – верные и преданные, креативные и талантливые, дружные и сплоченные! Я очень благодарна вам за ту огромную поддержку и помощь, которую вы оказали нашей команде КВН. В зале во время игры каждый чувствовал гордость за нашу команду и за наших самых лучших и преданных болельщиков! В такие минуты понимаешь, какие замечательные студенты учатся в нашем институте! И может это прозвучит банально, но мы все – как одна большая семья! Спасибо руководству нашего института, преподавателям, студентам за огромную помощь в подготовке к игре и каждому, кто пришел поддержать «парижан» в этой непростой, но очень яркой борьбе!

С. Роговская,
студентка группы ИЯ-4-7,
руководитель фан-клуба команды КВН ЕАГИ «Париж»

# Кимонолар көрмесіне саяхат

«Махаббат, қызық мол жылдар» – студенттік өмір шығар, сірә. Студент болғаннан бері жаңа дос тауып, өмірге деген көзқарас өзгерді. Ол өзгерістерге тек жаңа достар ғана емес, сонымен қатар институтымыздың қоғамдық өмірі де, әртүрлі кездесулер, институттық, қалалық іс-шаралар да себепкер болды. Сондай құбылыстардың бірі - өткен бейсенбіде болған кимоно шебері Итику Куботаның көрмесі. Шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы Сихымбаева Мейрамгүл Зиятханқызымен бірге жұмыс істеу стилі ерекше, туындылары көздің жауын алатын еңбектердің куәсі болдық .

Итику Кубота – Жапониядан шыққан маталар суретшісі. Бүкіл өмірін әлемде аз кездесетін XIX ғасырдың көркем өнер техникасы цудзигаханаға арнаған жапон халқының ұлы тұлғасы. Цудзигахана техникасын толықтай меңгеріп, тереңірек зерттеп өзінің бөлек «Итику-цудзигахана» техникасын ойлап тапты. Сонда бұл қандай техника? Ақ матаға тайдай техникасы бойынша шибоди деп аталатын жіппен кестелеп сурет салу. Сурет салынып біткен соң, матаны 130 градусты булы камераға бірнеше сағатқа қалдырады.

Барған кезде біздер алдымен Итику Кубота жайлы деректі фильм көрдік. Фильм көру барысында Итику шабытты не нәрселерден, қандай жағдайларда алғанын біліп, бүкіл үрдістің жүру барысын көріп, залда ілініп тұрған 30 еңбектің қанша талап, талант, қайрат қажет екеніне көзіміз жетті. Жылдар бойына созылған еңбектің нәтижесі – көркем өнердің шыңы болды. Фильмнен кейін ілініп тұрған кимоноларға деген ықыласымыз мүлдем өзгерді. Бір туындыға қанша тер төгілген... Кимоноларды жақындап қарасаң да, алыстан тұрып көрсең де керемет бір сезімге бөленесің... Жаның рахаттанады. Әдемілігіне көзің тоймайды.

Біздің тобымызбен бірге ИЯС-3-2, ПДК-3-9, ППСк-1-3 топтарының студенттері де барды. Бұл жұмыстар олардың да жандарын жаулап алғаны көздерінен-ақ білінді. Әрбір жұмысты көзіміз тойғанша көріп, сұлулықты қимай қайттық. Жанға жылу берген кимонолар әрбіреуіміздің жадымызда мәңгілікке қалды деп ойлаймын.

Ж. Калменова,
ИЯК-3-5 тобының студенті

# Тарихқа тағзым

**2013 жылдың 3 қазан күні Еуразия гуманитарлық институтының педагогика кафедрасы оқытушыларының бастамасымен «Тарих» мамандығының бір топ студенті саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «Алжир» мемориалды мұражай кешенінде болып қайтты.**

Студенттерге п.ғ.д., профессор Б.С. Сәрсекеев және т.ғ.к., доцент М.М. Жанпейісова басшылық етіп, «Алжир» мемориалды мұражай кешенінің тарихи мәні мен маңызын түсіндірді.

Автобустан түскен бойда студенттер «Алжир» мемориалды мұражайының алдында тұрған 18 метрлік «Аза тұту аркасы» немесе «Қасірет қақпасынан» өтті. Одан ары қарай іргесінде тұрған Польша, Грузия, Украина, Әзірбайжан елдерінің 1930-1950 жылдары Карлагтың 26-нүктесі, кейін «Алжир» еңбекпен түзеу лагерінде тұтқында болған отандас әйелдерге қойған белгі тастармен танысты. Болашақ тарихшыларды әсіресе қақпаның сол қапталында зұлмат кезеңнің елесі іспетті тұрған «Сталиннің вагоны» зор әсерге бөледі. Көлемі кішкентай ғана вагонның ішіне 70 шақты зиялы қауымның әйелдері мен балаларын сыйдырғанын есіткенде, студент жастар сол зұлмат жылдардың азабын түсінгендей болды.




Үш қабатты ғимараттан тұратын мұражайға беттеген шақта студенттер осы өмірден үмітін үзбей, бостандықты аңсаған әйел бейнесі сомдалған «Күрес және үміт» композициясы мен оған карама-қарсы беттегі шарасыздық пен азаптан қажып әлсіреген, бостандықтан күдерін үзіп, тығырыққа тірелген тұтқын ер адамның образы бейнеленген «Түңілу мен әлсіздік» композициясын тамашалады.

Мұражай қызметкері студенттерге «Алжир» мұражайы 2007 жылдың 31 мамырында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен ашылғандығын және содан бері мұражай концепциясындағы негізгі мақсат сталиндік репрессиялар тарихы жайында қоғамның көзін ашу, естеліктерді сақтап, өткен кезеңнің негізгі құнды жәдігерлері арқылы сол дәуірдің рухани ахуалын жаңғыртып, көпшілікке көрсету екендігін түсіндіріп берді.

Студенттер мұражай ішін аралап жүріп, қара тасты қақ жарып шыққан гүлдің көрінісі бейнеленген «Өмір гүлін», патшалық Ресейдің отарлау саясаты, Кенесары ханның ұлт-азаттық соғысы, Алаш қозғалысының бой көтеруі, Азамат соғысы, 1920-1930 жылдардағы кәмпеске мен аштық, 1937-1938 жылғы жаппай қуғын-сүргін тарихи кезеңдері туралы құжаттарды өз көздерімен көрді.

Мұражайдың екінші қабатынан «Құрсау» инсталяциясын, Жалаңаш көлінің жағасына қамыс ору жұмыстарына айдап апарылу бейнелері мен «Тігін барағын» тамашалады.

Қорыта айтқанда, бұл саяхатта болашақ тарихшылар сол сұрапыл зұлмат жайлаған, жазықсыз жандардың тағдырлары тәлкек етіліп, ар-намыстары аяққа тапталып, белсенді содырлардың жемтіктері болып кете берген заманды бастан өткізгендей күй кешті. Мұражай қызметкерлеріне қызықтыратын сұрақтарын қойып, лагерьде тұтқында болған әйелдердің тағдырына қанықты.

Ж.Т. Сулейменова,
ә ғ. м., педагогика
кафедрасының аға оқытушысы

# СТАНЬ ДОНОРОМ – ПОДАРИ ЖИЗНЬ!

**_В гостинице «Есиль» с 30 сентября по 4 октября прошли семинары-тренинги по проблемам развития добровольного безвозмездного донорства крови в Казахстане, организованные Всемирной организацией здравоохранения в РК при поддержке ОО «Капля жизни». В них приняли участие руководители региональных центров крови, сотрудники Службы крови, представители центра ЗОЖ, представители неправительственного сектора, студенты 4 курса специальности «Педагогика и психология» Евразийского гуманитарного института и студенты факультета журналистики ЕНУ им. Л.Н. Гумилева._**

Программа семинара-тренинга очень насыщенная: объявлены результаты республиканского социологического опроса о добровольном безвозмездном донорстве крови, проведены практические занятия, розданы методические рекомендации, презентации для работы в различных целевых группах и рекламный материал для регионов. Состоялось обучение по выстраиванию коммуникаций центров крови со СМИ и другими целевыми группами, участники научились правильно составлять пресс-релизы, акцент был сделан на грамотности и подаче информационного повода. Студенты факультета журналистики также высказали свои идеи. Особенно интересная из них звучит так: для формирования позитивного отношения к донорству крови, нужно доносить первую информацию об этом уже в детском возрасте. Поэтому нужно издавать детские сказки и выпускать развивающие настольные игры с персонажем, символизирующим донорство крови, например, с «Каплей крови».

Нам же, студентам группы ППС-4-2, под руководством Т.Н. Кемайкиной удалось разработать, апробировать и провести с участниками семинара-тренинга программу «Стань донором – Подари жизнь!» по принципу равный - равному. Это была очень сложная и интересная творческая работа.

Развитие добровольного безвозмездного донорства крови является одним из важных аспектов как национальной, так и международной общественной жизни. Профессор Питер Кэролан специально прилетел из Мельбурна, чтобы принять участие в семинаре и поделиться опытом австралийских коллег. Ученый с Зеленого Континента на четвертый день тренинга принял участие в программе для доноров «Стань донором – Подари жизнь!», разработанной психологом Татьяной Кемайкиной, выразил восхищение эффективностью и вдохновенной работой волонтеров из Евразийского гуманитарного института. Древнее высказывание гласит: «Скажи мне … я забуду, покажи мне… я запомню, дай мне поучаствовать … я пойму». Именно «вовлечение» участников в работу семинара, возможность активно участвовать, используя свой собственный опыт, позволит применить полученные навыки при работе с потенциальными донорами крови.



Студенты группы ППС-4-2

**Газета Евразийского гуманитарного института “Жас ұрпақ”**

**Регистрационное свидетельство** № 992-Г от 19.12.1999 г. Выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Выходит ежеквартально.

**Редактор:** Я. Оспанова
**Учредитель:** ректорат ЕАГИ
**Верстка:** А. Заркешева
**Тираж:** 500 экз.

**Адрес:** г. Астана, ул. Жумабаева, 3.
**E-mail:** eagi@list.ru

**www.egi.kz**